

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». - 2023. - Т.І, Ч.І.- Б. 78-80.

УДК 631.445.4(574.2)(045)

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРА ТОПЫРАҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОРГАНИКАЛЫҚ ЕГІНШІЛІК БОЛАШАҒЫ

*Хусаинов А.Т. б.ғ.д., профессор
Ш.Уалиханов ат. Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.*

*Нұрахмет А.А., магистр
«Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ, Көкшетау қ.*

Органикалық ауыл шаруашылығы немесе егіншілік – бұл топырақтың, экожүйелердің және адамдардың денсаулығын сақтауға бағытталған егіншілік жүйесі. Қазіргі уақытта органикалық ауыл шаруашылығы қарқынды дамып келеді және қазіргі заманғы әлемдік трендтердің біріне айналуда. Соңғы 16 жылда оның алаңы 4 есеге ұлғайды, 2 млн.астам органикалық өндірушілер сертификатталды, органикалық өндірісте ауыл шаруашылығы жерлерінің әлемдік көлемінің шамамен 1% - ы қамтылған.

Қазақстанда органикалық өнім өндірісі даму сатысында. Сонымен қатар, органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін үлкен әлеует бар. Даму перспективалары ауыл шаруашылығы алқаптарының ауқымды алаңдарының болуымен, ауыл шаруашылығын химияландырудың төмендігімен және органикалық өнімнің нарықтық сегментінің толтырылмауымен байланысты, бұл отандық органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін алғышарт болып табылады [1].

Қазақстанда органикалық ауыл шаруашылығын дамыту бағытында алғашқы нақты қадамдар басталды. 27.11.2015 ж. «Органикалық өнім өндіру туралы» №423-V ҚР заңы қабылданды, оған 28.10.2019 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [2]. Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында елімізде органикалық және экологиялық таза өнім өндіру зор мүмкіндіктердің бар екендігін атап өтті [3].

Қазіргі уақытта Қазақстанда 63 ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруші, 22 қайта өңдеуші кәсіпорын, 7 импорттық және 14 экспорттық ұйым жұмыс істейді. Жалпы алғанда, саланың дамуы өсу үрдісіне ие, бірақ әзірге ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы құрылымындағы органикалық ауыл шаруашылығының үлесі 0,1 % көлемінде.

Коронавирустық пандемия органикалық заттарға әлемдік сұраныстың өте жылдам түрде артуына әсер етті. АҚШ-та Holfoods market желілік супермаркеттер компаниясы (Whole Foods Market), әлемдегі ең ірі табиғи азық-түлік сатушысы, өзінің онлайн-азық-түлік сатып алушыларының санын

шектей бастады, Ұлыбританияда «Абель және Коул» (Abel & Cole) компаниясы тапсырыстардың 25% өскенін хабарлады. Үнді онлайн- сатушы «Nurish organic» 2020 жылдың наурыз айында сатылымның 30%-ға өскенін, Францияда кейбір тұрақты азық түлік дүкендері сатылымның 40% артқанын хабарлады. Одан әрі короновирустық пандемия аяқталғаннан соң органикалық өнімдерге деген сұраныс көбеймесе азаймайтынын көрсетіп отыр. Мәселен, 2000 жылы Еуропада сиыр эпидеті органикалық ет өнімдеріне сұраныстың артуына ықпал етті. 2004жылы Қытайда эпидемия типтік емес SARS пневмониясы органикалық тағамға деген сұранысты арттырды [1].

Қазіргі уақытта әлемдегі ауылшаруашылық жерлерінің 1,5% органикалық жер ретінде сертификатталған. 1999-2018 жылдар аралығында әлемде органикалық жер көлемі 6,5 есеге ұлғайды және олар өте біркелкі бөлінбеген. Әлемдік көшбасшы Австралия болып табылады – 35,7 млн га (оның 97%-ын жайылымдар алып жатыр), одан кейін Аргентина - 3,6 млн га және Қытай – 3,1 млн га.

Қазақстан органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің ауданы бойынша Азиядағы үшінші ел болып табылады, ол 300 мың гектардан астам аумақты алып жатыр. Экспортқа өнімнің 13 түрі шығады, олардың негізгі бөлігі дәнді және майлы дақылдар. Өндірушілердің басым бөлігі Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында. Қазақстанда органикалық сектордың пайда болуына ықпал еткен бастамашыл экологиялық ұйымдар жоғарыдағы облыстарда шоғырланған: экологиялық мәдениетті интеграциялау қоры (FIEC), органикалық ауыл шаруашылығы қозғалыстарының Қазақстандық федерациясы-Алматы қаласындағы KAZFOAM және Қостанай қаласындағы «Органикалық егіншілік қауымдастығы» РҚБ. Сонымен қатар, бүгінгі таңда органикалық ауыл шаруашылығын дамытумен «Органикалық өндірушілер одағы» белсенді айналысады.

ҚР органикалық ауыл шаруашылығы өзінің қалыптасу сатысында тұр, сондықтан органикалық өнімдер нарығы аз: сатылым небәрі 9 млн еуроны құрайды (экспорт). Органикалық өндірушілердің саны 70-ке жетпейді.

Өндірушілер көбінесе, яғни 60% - дан астамы Украина ұйымдарынан сертификат алады, шамамен 25%-ы литвалық «EcoAgros» ұйымынан, өндірушілердің 10% - ы «Ceres» сертификаттау органында сертификатталады.

Солтүстік Қазақстанның органикалық ауыл шаруашылығының даму әлеуетін бағалау үшін белгілі бір факторлар жиынтығы негізінде аудандарды органикалық ауыл шаруашылығын жүргізуге жарамдылығы бойынша зерттеу қажет. Органикалық егіншілік қағидаттарын және органикалық өнім өндірісін дамытуға қойылатын талаптарды зерделеу нәтижесінде негізгі факторлар ретінде - экологиялық, табиғи жағдайлар факторы, ауыл шаруашылығының даму деңгейі, әлеуметтік және инфрақұрылымдық факторлар басты саналады.

Жоғарыда көрсетілген факторлар келесі келесі көрсеткіштермен сипатталады:

1. Экологиялық фактор - минералды тыңайтқыштармен өңделген егіс алқаптарының үлесі (%), гербицидтермен өңделген егіс алқаптарының үлесі (%), өрістердің ірі елді мекендерден және өнеркәсіптік объектілерден қашықтығы (км);
2. Табиғи жағдайлар - топырақ құнарлылығы (бонитет балы), гидротермиялық коэффициент, жер үсті су көздерінің жақындығы (км);
3. Ауыл шаруашылығының даму деңгейі – жыртылған жер көлемі (%), негізгі дақылдардың -дәнді және бұршақты дақылдар өнімділігі (ц/га);
4. Әлеуметтік-қоғамдық жағдайлар - еңбекке қабілетті ауыл халқының саны(адам);
5. Инфрақұрылымдық жағдайлар - көлік инфрақұрылымының дамуы (км/км²), өткізу орындарына жақындығы (Астана, Алматы қ.км).

Экологиялық фактордың көрсеткіштеріне сәйкес органикалық егіншілікті дамыту үшін ең қолайлы аудандар Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы (Тимирязев), Ақмола облысы (Есіл, Жарқайың аудандары) басым бөлігі болып табылады. Олар 0,7-ден астам нормаланған субиндекске ие, өйткені олар барлық анықтайтын көрсеткіштер бойынша жоғары мәндермен ерекшеленеді: жер минералды тыңайтқыштармен және пестицидтермен іс жүзінде өңделмеген, сондай-ақ техногендік көздерден (өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ірі елді мекендерден) айтарлықтай алыстатылған. Павлодар облысында экологиялық әлеуеті жоғары аудандар жоқ, өйткені синтетикалық заттарды қолдану өте кең таралған, сонымен қатар өнеркәсіп белсенді дамып келеді.

Солтүстік Қазақстан облысының барлық аудандарында, Қостанай облысының солтүстік-орталық аудандарында, Ақмола облысының орталық және оңтүстік аудандарында және Павлодар облысының көптеген аудандарында орта экологиялық әлеует бар.

СҚО-ның Айыртау, Қызылжар, Тайынша, Аққайың аудандарында әлеуетті органикалық ауыл шаруашылығы алқаптарына арналған учаскелер ірі елді мекендермен жеткілікті жақын қашықтықта орналасқан. М. Жұмабаев және Есіл аудандарында ірі елді мекендердің жақын орналасуынан басқа, минералды тыңайтқыштармен өңделген жерлер салыстырмалы түрде жоғары үлеске ие.

Қостанай облысында органикалық егіншілік (0-0,4) дамыту үшін қолайсыз болып Жангелдин ауданы, Ақмола облысында аудандардың шығыс жартысы, ал Павлодар облысында – оңтүстік ауданы табылады. Ақмола және Павлодар облыстарының аудандарында минералды тыңайтқыштармен өңделген жерлер де жоғары үлеске ие. Сонымен қатар, көптеген аудандарда өнеркәсіптік өндіріс жоғары дамыған. Мысалы, Ерейментау ауданында Бестөбе және Ешкіөлмес алтын кен орындары белсенді түрде игерілуде, қиыршық тас, темірбетон бұйымдары, май және нан зауыттары және басқалары жұмыс істейді. Жоғарыда айтылғандардан басқа, аудан Абай облысымен шектеседі және ол аудан 1992 жылы ең жоғары радиациялық

тәуекел аймағына жатқызылды, осыған байланысты органикалық ауыл шаруашылығын жүргізу үшін қолайсыз болып табылады.

Қазақстан елдің кең аумағы, ауыл шаруашылығы үшін қолайлы табиғи жағдайлар, агроөнеркәсіп жүргізудің қарқынды әдісін дамытудың төмен дәрежесі органикалық өндірісті дамыту үшін артықшылық ретінде жоғары практикалық мәнге ие болатын жағдайда. Қазақстанда 63 өндіруші қазірдің өзінде 192 мың гектар жерге органикалық өнім өсіруде [4].

Органикалық егіншілік болашағы Қостанай облысының солтүстік аудандары мен Солтүстік Қазақстан облысының аудандары неғұрлым жоғары әлеуетке ие. Бұл аудандарда органикалық өндірісті дамыту үшін барлық жағдайлар бар-қолайлы табиғи-климаттық және экологиялық жағдайлар, еңбек ресурстарының, дамыған инфрақұрылымның болуы және аудандардағы ауыл шаруашылығының ағымдағы деңгейі жинақталған [5].

Органикалық егіншілік дамуының орташа әлеуеті 59 ауданның 33 ауданында байқалады, оның негізгі бөлігі Қостанай облысының орталық және оңтүстік аудандары, Павлодар облысының солтүстік аудандары және Ақмола облысының аудандары болып табылады. Бұл аудандарда органикалық егіншілікті дамытуға болады, бірақ ол уақыт және қаржылық жағынан көбірек күш салуды қажет етеді.

Қостанай облысы Жангелдин, Ақмола облысы Ерейментау, сондай-ақ Май, Ақсу, Павлодар аудандарында және Екібастұз қалалық аумағы сияқты аудандарда органикалық өндірісті дамыту және жүргізу қиындау болады. Бұған синтетикалық заттарды белсенді қолдану, аз қолайлы агроклиматтық жағдайлар және аудандардың өнеркәсіптік бағыттылығы кедергі келтіреді.

Органикалық егіншілік әлеуетін іске асыру үшін бірінші кезекте нормативтік-құқықтық базаны егжей-тегжейлі пысықтау және бастапқы өндіріске субсидиялар бөлу түрінде мемлекет тарапынан қолдау қажет. Органикалық егіншілік дамуы, өндіру көлемінің артуы халық денсаулығын жақсартуға бағытталған еліміздің алдыңғы мақсаттарының бірі болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Коротких А.А. Органическое сельское хозяйство США [Текст]/ Россия и Америка в XXI, выпуск №4.
- 2 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V Заңы
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауы, 2019 жыл
- 4 Кенжебай М. Потенциал развития органического сельского хозяйства в Северном Казахстане. [Текст]/ Выпускная квалификационная работа, 2020. - 60-66 с.
- 5 Tuleyev, Yu.V. Developing a System of Organic Farming Technologies to Obtain Environmentally Clean Agricultural Products (Organic Food) in the Steppe zone of the Kostanai Region [Text]/ A.B. Nugmanov, Yu.V. Tuleyev, S.A. Tulkubayeva, S.V.Somova // OnLine Journal of Biological Sciences. Science Publications RG Journal., - 2018. -Vol. 18. - Issue 2. - P. 130-137.